


2025 жылғы қазан айындағы

**Сәкен Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейінің  
мемлекеттік қызметтер бойынша талдамалық анықтама**



Сәкен Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейінде 8 мемлекеттік қызмет көрсетіледі, оның 8-де автоматтандырылған және электрондық үкімет порталы арқылы көрсетіледі, сонымен қатар мемлекеттік орган және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы қағаз нұсқада көрсетудің баламасы бар.

№18 мектеп-лицейінің ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын бекітілген заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер орналастырылған «Мемлекеттік қызметтер» бөлімдері бар. Мемлекеттік қызметтерді алу үшін ақпараттық стендтер, «eGov Mobile» тіректері, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары ұйымдастырылған.

Мемлекеттік қызметтер баламалы түрде электрондық және қағаз нұсқада көрсетіледі.

Электрондық үкімет порталы (ЭҮП) арқылы берілген өтінімдер «Ұлттық білім беру деректер базасы» ақпараттық жүйесімен интеграцияланған «ҚР ОАМ мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру», «Akimola.kz» ақпараттық жүйелері арқылы көрсетіледі.

2025 жылғы қазан айында білім бөлімі және ведомстволық бағынысты ұйымдар 12 мемлекеттік қызмет көрсетті. Оның ішінде:

электрондық үкімет порталы арқылы мемлекеттік қызмет көрсетілмеді;

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы мемлекеттік қызмет көрсетілмеді;

Қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы – 12 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

-«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну»-4;

-«Мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы лагерьлердегі балалардың демалуына құжаттар қабылдау және жолдама беру»-4;

-«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау»-4.

Қызмет көрсетушілердің ақпараттық жүйелері арқылы – 0 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Осы бағыттағы жұмыс жалғасатын болады.

Директор



Сарсембаева Б.В.

Орынд.: Д.Бельгибаева  
Тел.: 77-08-89